

**Мүгедектігі бар адамдарға тауарлар мен қызметтерді әлеуметтік қызметтер порталы арқылы өткізу кезінде олардың құнын мемлекеттік бюджет қаражатынан өтеу қағидалары**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 20 қаңтардағы № 14 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 21 қаңтарда № 19902 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 6 маусымдағы № 205 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 06.06.2023 № 205 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

Осы бұйрық 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 13.09.2022 № 363 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 1-тармағының 7-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 13.09.2022 № 363 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Мүгедектігі бар адамдарға тауарлар мен қызметтерді әлеуметтік қызметтер порталы арқылы өткізу кезінде олардың құнын мемлекеттік бюджет қаражатынан өтеу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 13.09.2022 № 363 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік қызметтер саясатын дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Е.М. Әукеновке жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі*

*Б. Нурымбетов*

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрінің  
2020 жылғы 20 қаңтардағы  
№ 14 бұйрығымен  
бекітілген

**Мүгедектігі бар адамдарға тауарлар мен қызметтерді әлеуметтік қызметтер порталы арқылы өткізу кезінде олардың құнын мемлекеттік бюджет қаражатынан өтеу қағидалары**

**Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 13.09.2022 № 363 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 01.02.2022 № 38 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Мүгедектігі бар адамдарға тауарлар мен қызметтерді әлеуметтік қызметтер порталы арқылы өткізу кезінде олардың құнын мемлекеттік бюджет

қаражатынан өтеу қағидалары "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 1-тармағының 7-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және тауарлар мен қызметтерді әлеуметтік қызметтер порталы арқылы мүгедектігі бар адамдарға өткізу кезінде олардың құнын мемлекеттік бюджет қаражатынан өтеу тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 13.09.2022 № 363 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) арнаулы жүріп-тұру құралдары – мүгедектігі бар адамдардың белсенді және баяу жүріп-тұруына арналған техникалық көмек түрі;

2) әлеуметтік қызметтер порталы (бұдан әрі – портал) – халықтың жекелеген санаттарына "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" және "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес жергілікті атқарушы органдардың тауарлардың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің құнын өтеуі шарттарымен оларды сатып алу мүмкіндігін беретін ақпараттандыру объектісі болып табылатын әлеуметтік-еңбек саласының ақпараттық жүйесі;

3) жеке көмекші – жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамды бірге алып жүру және объектілерге барған кезде көмек көрсету бойынша әлеуметтік қызметтер көрсететін адам;

4) протездік-ортопедиялық көмек – мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық құралдармен қамтамасыз ету жөніндегі медициналық-техникалық көмектің мамандандырылған түрі және оларды пайдалануды үйрету;

5) протездік-ортопедиялық құралдар – жетіспейтін аяқ-қолдарды немесе дененің басқа бөліктерін ауыстыратын, ауру немесе денсаулығына зиян келтіру салдарынан бұзылған немесе жоғалған организм функцияларының орнын толтыратын құралдар;

6) тауарларды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді берушілер (бұдан әрі – өнім берушілер) – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, жеке көмекшілер;

7) техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар – протездік-ортопедиялық, сурдотехникалық және тифлотехникалық құралдар және міндетті гигиеналық құралдар;

8) уәкілетті орган – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органы;

9) ымдау тілі маманы – еститін және естімейтін адамдар арасында делдалдық қызмет көрсетуге байланысты мүгедектігі бар адамға әлеуметтік қызметтер көрсететін маман;

10) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 13.09.2022 № 363 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Өнім берушілерге Портал арқылы сатылған ОТҚ-ның, арнаулы жүріп-тұру құралдарының (бұдан әрі – тауарлар), сондай-ақ жеке көмекшінің және ымдау тілі маманының әлеуметтік көрсетілетін қызметтерінің, санаторий-курорттық емдеудің (бұдан әрі – көрсетілетін қызметтер) құнын өтеуді уәкілетті орган жүзеге асырады.

**2-тарау. Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы өткізу кезінде олардың құнын мемлекеттік бюджет қаражатынан өтеу тәртібі**

4. Өнім берушіге тауарлар мен қызметтердің құнын өтеу:

- 1) жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтері;
- 2) ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметтері;
- 3) санаторий-курорттық емдеу;
- 4) протездік-ортопедиялық көмек көрсету;
- 5) арнаулы жүріп-тұру құралдары;
- 6) ОТҚ үшін кепілдік берілген сома шегінде жүзеге асырылады.

5. Уәкілетті орган тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің құнын өтеуді осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алушының өнім берушіге кепілдік берілген соманы өтеуге арналған өтініші (бұдан әрі-өтініш) және порталда ұсынылған және өнім берушінің ЭЦҚ-сымен расталған өнім берушінің растайтын мына құжаттары негізінде жүзеге асырады:

1) "Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8265 болып тіркелген) (бұдан әрі- № 562 бұйрық) бекітілген нысан бойынша жеке көмекшінің ілесіп жүру парақтары, ымдау тілі маманын ілесіп жүру парақтары, санаторий-курорттық емделуден өткен тізімдері, протездік – ортопедиялық құралдарға арналған ведомостарын қоса бере отырып, орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісі;

2) № 562 бұйрықпен бекітілген нысан бойынша кассалық чекті және/немесе өнім берушінің жеткізгенін растайтын құжатты, арнаулы жүріп-тұру құралдары, техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар, протездік-ортопедиялық құралдар үшін шот-фактураларды қоса бере отырып, тауарды (ларды) қабылдау-беру актісі.

Өнім берушілер Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары- Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2019 жылғы 22 сәуірдегі № 370 "Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық нысанда шот-фактураны жазып беру қағидаларын және оның нысанын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18583 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық нысанда шот-фактураларды, сондай-ақ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының Кодексі 412-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда онда "Қосымша мәліметтер" жолында кепілдендірілген сомаға және қосымша ақы сомасына бөле отырып, тауарлардың және/немесе қызметтердің құны (бұдан әрі – шот-фактура) көрсетілетін қағаз жеткізгіштегі шот-фактуралар жазып береді.

ОТҚ-ны және (немесе) арнаулы жүріп-тұру құралдарын курьер жеткізген кезде порталда осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша курьердің тауарды алушыға жеткізгенін растайтын құжат (бұдан әрі - жеткізуді растайтын құжат) қалыптастырылады.

6. Өнім беруші уәкілетті орган тауарлардың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің құнын өтеу үшін құжаттарды қарауға қабылдағанға дейін, қажет болған кезде себептерін көрсете отырып, құжаттарды кері қайтарып алады және оларды пысықтайды.

7. Уәкілетті орган "Е-собес" ақпараттық жүйесіне тауарлардың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің құнын өтеуге құжаттар түскен күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде оларды қарайды және қабылдайды немесе осы Қағидалардың 11, 14, 17 және 20-тармақтарына сәйкес себебін көрсете отырып, өнім берушіге пысықтауға қайтарады.

Порталдағы "Өнім берушінің жеке кабинеті" модуліне және өнім берушінің ұялы байланысының абоненттік нөміріне құжаттарды пысықтауға қайтару туралы ақпарат жіберіледі.

8. Өнім беруші қайтару туралы ақпаратты алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде уәкілетті органның қайтару себептерін жоя отырып, тауарлардың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің құнын өтеуге құжаттарды қайта жібереді.

9. Тауарды алушы жеткізушіге қайтарған жағдайда, өнім беруші тауардың құнын уәкілетті органға қайтаруды тауар қайтарылған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жүзеге асырады.

**1-параграф. Жеке көмекшінің және ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметтерінің құнын өтеу**

10. Жеке көмекшінің/ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметтерін беруші ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей уәкілетті органға мыналарды ұсынады:

1) № 562 бұйрықпен бекітілген нысан бойынша орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісі;

2) "Мүгедектігі бар адамдарды оңалтудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2005 жылғы 22 қаңтардағы № 26 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10370 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 26 бұйрық) бекітілген нысан бойынша жеке көмекшінің ілесіп жүру парағы/ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметтер көрсету парағы;

3) шот-фактура.

**Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 13.09.2022 № 363 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11. Жеке көмекшінің / ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметтерінің құнын өтеуге арналған құжаттарды қызмет берушінің пысықтауға кері қайтарып алу және уәкілетті органның қызметті берушіге пысықтауға қайтару себептері:

өтеуге өтінішке қол қойған алушыға орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісінің және (немесе) жеке көмекшінің ілесіп жүру парағының/ымдау тілі маманының қызметтер көрсету парағының болмауы;

орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісінің және (немесе) жеке көмекшінің ілесіп жүру парағының/ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметтерін көрсету парағының сканерленген көшірмелерін ұсынған кезде оларда қойылған қолдың (қолдардың) болмауы;

жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтер көрсету кезеңі және (немесе) сағаттары дұрыс көрсетілмеген орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісін және (немесе) жеке көмекшінің ілесіп жүру парағын ұсыну;

ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметтер көрсету кезеңі және (немесе) сағаттары дұрыс көрсетілмеген орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісін және (немесе) ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметтер көрсету парағын ұсыну.

Жеке көмекшінің/ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметтерін беруші құжаттарды пысықтайды және ағымдағы айдан кейінгі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей қайта жібереді.

12. Жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтерінің құнын өтеу уәкілетті орган осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтерінің құнын өтеуге құжаттарды қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

## **2-параграф. Санаторий-курорттық емдеу құнын өтеу**

13. Санаторий-курорттық емдеуді беруші уәкілетті органға мыналарды:

1) № 562 бұйрықпен бекітілген нысан бойынша орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісін;

2) алушы кепілдік берілген сома мен санаторий-курорттық емдеудің нақты құны арасындағы айырманы өз қаражаты есебінен дербес төлеген жағдайда шот-фактураны, сондай-ақ чекті ұсынады.

14. Санаторий-курорттық емдеу құнын өтеуге арналған құжаттарды өнім берушінің пысықтауға кері қайтарып алу және уәкілетті органның өнім берушіге пысықтауға қайтару себептері:

Өтеуге өтінішке қол қойған алушыға осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсынбау;

ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың дәйексіздігі.

15. Санаторий-курорттық емдеу құнын өтеу уәкілетті орган осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген санаторий-курорттық емдеу құнын өтеуге құжаттарды қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

## **3-параграф. ОТҚ мен арнаулы жүріп-тұру құралдарының құнын өтеу**

16. ОТҚ және арнаулы жүріп-тұру құралдарын жеткізуші уәкілетті органға мыналарды ұсынады:

1) № 562 бұйрықпен бекітілген нысан бойынша ОТҚ-ны және арнаулы жүріп-тұру құралдарын өз бетінше алып кеткен жағдайда – тауарды босату фактісін растайтын қорларды басқа жаққа беруге арналған жүкқұжат;

2) алушы кепілдік берілген сома мен ОТҚ және (немесе) арнаулы жүріп-тұру құралдарының нақты құны арасындағы айырманы өз қаражаты есебінен дербес төлеген жағдайда – шот-фактура, сондай-ақ чек;

3) сенім білдірілген адам ОТҚ және (немесе) арнаулы жүріп-тұру құралдарын алған кезде – нотариалды куәландырылған сенімхат; ;



4) қорғаншы немесе қамқоршы ОТҚ және (немесе) арнаулы жүріп-тұру құралдарын алған кезде – қорғаншылықты немесе қамқоршылықты белгілеу туралы құжат;

5) 18 жасқа дейінгі балалардың ата-аналары ОТҚ және (немесе) арнаулы жүріп-тұру құралдарын алған кезде – туу туралы куәлік .

17. ОТҚ және (немесе) арнаулы жүріп-тұру құралдарының құнын өтеуге арналған құжаттарды өнім берушінің пысықтауға кері қайтарып алу және уәкілетті органның өнім берушіге пысықтауға қайтару себептері:

өтеуге өтінішке қол қойған алушыға осы Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсынбау;

ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың дәйексіздігі.

18. ОТҚ және арнаулы жүріп-тұру құралдарының құнын өтеу осы Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген ОТҚ және (немесе) арнаулы жүріп-тұру құралдарының құнын өтеуге арналған құжаттардың немесе жеткізілгенін растайтын құжаттың негізінде күнтізбелік 14 (он төрт) күн өткеннен кейін, бірақ уәкілетті орган құжаттарды қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады.";

#### **4-параграф. Протездік-ортопедиялық көмек көрсету құнын өтеу**

19. Өнім беруші протездік-ортопедиялық құралдарды жеке сипаттамалары бойынша дайындаған кезде уәкілетті органға мыналарды ұсынады:

1) № 562 бұйрықпен бекітілген нысан бойынша орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісі;

2) протездік-ортопедиялық құралдарды жеке сипаттамалары бойынша дайындау жағдайларында № 26 бұйрықпен бекітілген нысан бойынша протездік-ортопедиялық бұйымдарға тапсырыс бланкісі;

3) протездеу тарихынан үзінді көшірме, стационарлық протездеу жағдайында – стационар жағдайында протездік-ортопедиялық құрал дайындау;

4) алушы протездік-ортопедиялық көмектің кепілдік берілген сомасы мен нақты құны арасындағы айырманы өз қаражаты есебінен дербес төлеген жағдайда – шот-фактура, сондай-ақ чек.

20. Протездік-ортопедиялық көмектің құнын өтеуге арналған құжаттарды өнім берушінің пысықтауға кері қайтарып алу және уәкілетті органның өнім берушіге пысықтауға қайтару себептері:

өтеуге өтінішке қол қойған алушыға осы Қағидалардың 19-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсынбау;

ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың дәйексіздігі.

21. Протездік-ортопедиялық көмектің құнын өтеу уәкілетті орган осы Қағидалардың 19-тармағында көрсетілген протездік-ортопедиялық көмектің



құнын өтеуге арналған құжаттарды қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Мүгедектігі бар адамдарға  
тауарлар мен қызметтерді  
әлеуметтік қызметтер порталы  
арқылы өткізу кезінде олардың  
құнын мемлекеттік бюджет  
қаражатынан өтеу қағидаларына  
1-қосымша

Нысан

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

жұмыспен қамту және  
әлеуметтік бағдарламалар  
басқармасы/бөлімі

### Өнім берушіге кепілдік берілген соманы өтеуге өтініш

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 13.09.2022 № 363 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мен,

\_\_\_\_\_

(Мүгедектігі бар адамның немесе оның заңды өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде))

"Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 32-1-бабына сәйкес өнім берушіге:

өнім берушінің атауы \_\_\_\_\_

өнім берушінің ЖСН / БСН \_\_\_\_\_

БСК \_\_\_\_\_

ЖСК / IBAN (банк шотының нөмірі) \_\_\_\_\_

банктің атауы \_\_\_\_\_

Өнім беруші "Мүгедектігі бар адамдарға тауарлар мен қызметтерді әлеуметтік қызметтер порталы арқылы сатқан кезде олардың құнын мемлекеттік бюджет қаражатынан өтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 20 қаңтардағы № 14 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19902 болып тіркелген) сәйкес растайтын құжаттарды ұсынған кезде

№ \_\_\_\_\_ тапсырыс

саны \_\_\_\_\_

(саны) (өлшем бірлігі)

\_\_\_\_\_

(тауардың, көрсетілетін қызметің атауы)

әлеуметтік қызметтер порталы арқылы сатып алу үшін;

1. \_\_\_\_\_ теңге (сома);

2. "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 3-тармағына сәйкес \_\_\_\_\_ теңге (сома)

(керегін белгілеу)

кепілдік сомасы берілген соманы өтеуді сұраймын.

Менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, ақпараттық жүйелерде және кепілдік берілген соманы өтеу үшін ұсынылған құжаттарда қамтылған мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Дәйексіз мәліметтер мен жасанды құжаттарды ұсынғаным үшін жауапкершілік туралы ескертілді.

Күні 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

көрсетілетін қызметті алушының / заңды өкілінің ЭЦҚ-сы

Ескертпе:

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

IBAN – банк шотының нөмірі.

Мүгедектігі бар адамдарға тауарлар мен қызметтерді әлеуметтік қызметтер порталы арқылы өткізу кезінде олардың құнын мемлекеттік бюджет қаражатынан өтеу қағидаларына 2-қосымша

Нысан

### **Көрсетілетін қызметті алушыға тауарды курьердің жеткізуі туралы деректер**

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 13.09.2022 № 363 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ тапсырыс

Көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтер

Көрсетілетін қызметті алушының ЖСН \_\_\_\_\_

Көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

---

әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталда сатып алынған тауар туралы мәліметтер

Тауардың атауы \_\_\_\_\_

Саны (дана) \_\_\_\_\_

Тапсырыс сомасы \_\_\_\_\_ теңге

Кепілдік берілген сома \_\_\_\_\_ теңге

Қосымша ақы (сомасы) \_\_\_\_\_ теңге

Трек тапсырыс нөмірі \_\_\_\_\_

Тауарды жеткізу туралы мәліметтер \_\_\_\_\_  
(жеткізу мәртебесі)

Жеткізу күні 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Жеткізу мекенжайы \_\_\_\_\_

Құнын өтеуді жүзеге асыратын мемлекеттік мекеме туралы деректер  
(халықты әлеуметтік қорғау саласындағы жергілікті атқарушы органдар)

БСН / ЖСН \_\_\_\_\_

Байланыс телефоны +7 ( \_\_\_\_\_

Мемлекеттік ұйымның атауы \_\_\_\_\_

Мемлекеттік ұйымға қызмет көрсететін банктің атауы \_\_\_\_\_

БСК \_\_\_\_\_

КБе \_\_\_\_\_

Тауарды жеткізуші туралы мәліметтер

БСН / ЖСН \_\_\_\_\_

Байланыс телефоны +7 ( \_\_\_\_\_

Ұйымның атауы \_\_\_\_\_

Өнім берушінің ЖСК / IBAN \_\_\_\_\_

Өнім берушінің БСК \_\_\_\_\_

Өнім берушінің КБе \_\_\_\_\_

Өнім берушінің ТБК \_\_\_\_\_

Өнім берушінің ТТК \_\_\_\_\_

Ескертпе:

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

КБе – бенефициардың коды немесе алушының коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

IBAN – банк шотының нөмірі;

КНП – төлем мақсатының коды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК